

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 қазандағы N 998 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 мамырдағы N 430 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.04. N 297 қаулысымен.

1997-1998 жылғы егіннің астығын сатып алу үшін берілген кредиттерді қайтару мәселесін жедел шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Астық сатып алу және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 қазандағы N 998 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 35, 319-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

1997-1998 жылғы егіннен астық сатып алуды ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Есімов Ахметжан Смағұлұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі, комиссия төрағасы;

Иванов Леонид Александрович - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, комиссия төрағасының орынбасары;

Адасбаев Еркін Әбенұлы - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Сауда комитетінің төрағасы;

Төлеубаев Теміржан Төлеубайұлы - Қостанай облысы әкімдігінің Қостанай облыстық Ауыл шаруашылығы және азық-түлік департаментінің директоры;

Үйсімбаев Асқарбек Съезбекұлы - Ақмола облысы әкімдігінің Ақмола облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы;

Сюникаев Рашид Абдуллович - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Солтүстік Қазақстан облысы Ауыл шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу және қайта өңдеу департаментінің бастығы;

Евниев Арман Қайратұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Егіншілік департаментінің директоры;

Мұрзалбаев Нағмар Айтмаханұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі Қаржы қылмыстарын анықтау жөніндегі департаменті бастығының міндетін атқарушы;

Сәпиев Еркебұлан Оңалбекұлы - "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық

акционерлік қоғамы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары (келісім бойынша) ;

Солюев Александр Анатольевич - "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының вице-президенті (келісім бойынша);

Дүйсебаев Мұхаметжан Жұмабекұлы - "Қазақстанның астық одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры (келісім бойынша);

көрсетілген құрамнан: Кәрібжанов Жәнібек Сәлімұлы, Нұрқиянов Төлеухан Мұратқанұлы, Әзімов Руслан Жұмабайұлы, Үмбетов Алтынбек Смағұлұлы, Әбітаев Есберген Әбітайұлы, Әбілғазин Данияр Рүстемұлы, Тәжияқов Бейсенғали Шамғалиұлы, Әлиев Рахат Мұхтарұлы, Мәдинов Ромин Ризаұлы, Кулагин Сергей Витальевич, Шүкеев Өмірзақ Естайұлы, Ахметов Даниал Кенжетайұлы, Бисембаев Абай Айдарханұлы, Ильяшенко Юрий Михайлович, Тілеубаев Нұрлан Сақтапбергенұлы, Буць Анна Александровна, Мұхамбеталин Қуаныш Төлеуұлы, Смағұлов Нұрлан Еркебұланұлы шығарылсын.

2) көрсетілген қаулыға 3-қосымшада:

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. 1997-1998 жылдардағы егіннің астығын сатып алуға берілген кредиттердің қайтарымдылығымен байланысты мәселелер бойынша ұсыныстарды әзірлеу."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі